

**Баспасөз хабарламасы****Сбербанк «Әлемнің ең үздік инвестициялық банктері – 2019» сыйлығының жүлдегері**

**Сбербанк «Global Finance» журналының дерегі бойынша қарыздық капитал нарығында және жаңа қаржылық технологиялар саласында Орталық және Шығыс Еуропадағы үздік банк деп танылды.**

**21 ақпан 2019 жыл, Мәскеу** - Сбербанктің корпоративтік-инвестициялық бизнесі Global Finance журналы сыйлығының екі номинациясында жеңіске жетті: Орталық және Шығыс Еуропада "Әлемнің үздік инвестициялық банктері - 2019" - "Қарыздық капитал нарығындағы үздік банк" және "Жаңа қаржылық технологиялар саласындағы үздік банк".

Баға нарықтық үлес, мәмілелер мен көрсетілген қызметтер саны мен көлемі, көрсетілетін қызметтер сапасы, сату каналдарының дамығандығы, инновациялар, баға белгілеу тиімділігі және беделі сияқты критерийлер бойынша берілді.

**Андрей Шеметов, Сбербанк вице-президенті, Жаһандық нарықтар департаментінің басшысы:**  
*"Сбербанк бірнеше рет бұл беделді халықаралық сыйлықтың лауреаты атанып отыр. Біз үшін қызметтің барлық бағыттары бойынша біз таңдаған даму стратегиясының дұрыстығын растайтын халықаралық қауымдастықтың берген бағасы өте маңызды.*

2018 жылы Сбербанктің Корпоративтік-инвестициялық бизнесі Ресейдегі ең үздік инвестициялық банк деп танылды, ал 2017 жылы Банк бірден екі номинацияда аталып өтті: Сбербанк Ресейдегі ең үздік банк және Орталық және Шығыс Еуропадағы акционерлік капитал нарығында үздік инвестициялық банк деп танылды.

«Global Finance Awards» сыйлығы 26 жыл бұрын «Global Finance Magazine» халықаралық қаржылық журналымен ұйымдастырылған. Бұл халықаралық жюримен компаниялардың қаржылық көрсеткіштерінің нәтижелері, маркетингтік зерттеулер, сондай-ақ талдаушылар пулы және қаржы нарығы қатысушыларының, қаржы саласындағы компаниялар басшыларының және қаржы директорларының, «Global Finance» журналының жазылушыларының дауыс беруі нәтижесінде берілетін беделді халықаралық сыйлықтардың бірі.

Global Finance сыйлығының жеңімпаздары Африка, Азия-Тынық мұхиты аймағы, Орталық және Шығыс Еуропа, Латын Америкасы, Таяу Шығыс, Солтүстік Америка мен Батыс Еуропаның 150-ден астам мемлекеттерінің қаржылық ұйымдары арасынан таңдалып алынады.

**Сбербанк**

Анна Морозова

Баспасөз қызметі

тел. (+7 495) 957 -57 -21

[media@sberbank.ru](mailto:media@sberbank.ru)

<https://twitter.com/SberbankMedia>

Сбербанк ЖАҚ – Ресейдегі ең ірі банк және ғаламдық жетекші қаржы институттарының бірі. Сбербанктің үлесіне ресейдің бүкіл банк секторы активтерінің үштен бір бөлігі кіреді. Сбербанк ұлттық экономика үшін негізгі кредитор болып табылады және салымдар нарығының ауқымды үлесіне ие. Бір дауыс беруші акциямен қоса жарғылық капиталдың 50%-на ие Ресей Федерациясының Орталық банкі Сбербанк ЖАҚ-ның құрылтайшысы және негізгі акционері болып табылады. Банктің өзге 50% акциясына ресейлік және халықаралық инвесторлар иелік етеді. Сбербанктің қызметтерін әлемнің 22 елінде 145 миллионнан астам клиенттер пайдаланады. Банк Ресейдегі ең ауқымды филиалдық желіге ие: 15 мыңнан астам қызмет көрсету орындары бар. Банктің шет елдік желісі Ұлы Британия, АҚШ, ТМД, Орталық және Шығыс Еуропа, Үндістан, Қытай, Түркия және өзге де елдердегі еншілес банктерден, филиалдардан және өкілдіктерден тұрады.

№1481 Банктік операцияларды орындауға Ресей Банкінің бас лицензиясы.

Банктің ресми сайттары — [www.sberbank.com](http://www.sberbank.com) (Сбербанк тобының сайты), [www.sberbank.ru](http://www.sberbank.ru).